



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж. Сейтжанова
08 2026 ж.

«ОҚМА» АҚ-ДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕСІ

Е 507 -2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Бірінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы		Е 507 – 2026
«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		1-ші басылым 15 беттің 2 беті

- 1 **«ОҚМА» АҚ КОМПЬЮТЕРЛІК-ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ БАСПА ОРТАЛЫҒЫ ӨЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**
хаттама № 5 12.02 2026 ж.
- 2 **«ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ**
хаттама № 3 28.01 2026 ж.

Кезенді тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы		Е 507 – 2026
«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		1-ші басылым 15 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	7
4. «ОҚМА» АҚ ЖИ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ МЕН ЖАУАПКЕШІЛІГІ	8
5. ЖИ ҚОЛДАНУДЫ ОҚЫТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР	12

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы		Е 507 – 2026
«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		1-ші басылым 15 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ережеде келесі нормативтік құжаттар пайдаланылды:

- Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылғы 27 шілдеде бек., № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 2015 жылғы 18 қарашада бек., № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);
- 2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы;
- Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ;
- Дербес деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы;
- Жасанды интеллект туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ;
- Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы;
- Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы;
- Қазақстан Республикасының Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының цифрлық жетілу деңгейін айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 14 тамыздағы № 408 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасының цифрлық кодексі, Қазақстан Республикасының Кодексі 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII ҚРЗ;
- «ОҚМА» АҚ Жарғысы;
- ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйелері;
- К 121-2023 Академиялық адалдық Кодексі;
- СТ 008-2024 Сапа саласындағы тәуекелдерді басқару;
- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарты.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы		Е 507 – 2026
«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		1-ші басылым 15 беттің 5 беті

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Ережеде келесі терминдер, анықтамалар белгілеулер және қысқартулар пайдаланылады:

жасанды интеллект	адамның интеллектуалды қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет
жасанды интеллект жүйесі	жасанды интеллектінің бір немесе бірнеше моделі негізінде жұмыс істейтін ақпараттандыру объектісі
жасанды интеллект моделі	арнаулы міндеттерді орындау үшін әзірленген және өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделе алатын, жинақталған тәжірибе негізінде оқып-үйренуге болатын және өз қызметінің процестері мен нәтижелерін оңтайландыра білетін бағдарламалық өнім
жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы	нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам
жасанды интеллект жүйелері	жасанды интеллект жүйесі жасаған немесе өзгерткен, жеке тұлғаның сыртқы келбетін, дауысын, мінез-құлқын немесе іс жүзінде болмаған оқиғаларды имитациялайтын кескін, бейне, аудио, мәтіндер немесе олардың комбинациялары

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы		Е 507 – 2026
«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		1-ші басылым 15 беттің 6 беті

жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі ұсынылу нысандарына қарамастан, ақпарат немесе шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсететін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер

академиялық адалдық бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді

академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

ҚР Қазақстан республикасы

«ОҚМА» АҚ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғам

БББ білім беру бағдарламасы

ЖИ жасанды интеллект

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы		Е 507 – 2026
«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		1-ші басылым 15 беттің 7 беті

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) «Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану ережесі» (бұдан әрі – Ереже) «ОҚМА» АҚ білім алушыларына, профессор-оқытушылар құрамына, құрылымдық бөлімше басшылары мен қызметкерлеріне, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

3.2 Осы Ереже «ОҚМА» АҚ білім алушыларына, профессор-оқытушылар құрамына, құрылымдық бөлімше басшылары мен қызметкерлеріне және/сондай-ақ басқада мүдделі тұлғаларға арналған ЖИ және цифрлық технологияларды қолданудың этикалық негіздері бойынша даярлау және оқыту бағдарламасын ұйымдастырудың мақсаттарын, қағидаттарын, талаптарын, сондай-ақ қатысушылардың міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді:

- ЖИ «ОҚМА» АҚ қызметінде көмекші құрал ретінде пайдаланылады және адамның кәсіби пайымдауын, академиялық адалдығын және жауапкершілігін алмастырмайды;
- ЖИ қолдану білім алушының нақты оқу нәтижелерін бұрмалауға жол бермеуі тиіс;
- ЖИ қолдану бағалаудың валидтілігі мен сенімділігін төмендетпеуі тиіс;
- ЖИ пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, академиялық адалдық қағидаттары, дербес деректерді қорғау талаптары және ішкі нормативтік құжаттар сақталуы тиіс.

3.3. Ереженің мақсаты келесідей:

- ЖИ-ні білім беру мен ғылымда қауіпсіз, жауапты, әділ және ашық қолдану мәдениетін қалыптастыру;
- академиялық адалдықты сақтау және күшейту;
- деректер құпиялылығын, пациент/білім алушы құқықтары, интеллектуалдық меншік және әділетті бағалау қағидаттарын қамтамасыз ету;
- ЖИ-ні қолданудан туындайтын тәуекелдерді басқару және алдын алу;
- білім алушылар мен қызметкерлердің цифрлық сауаттылығын және ЖИ-мен жұмыс істеу дағдыларын арттыру.

3.4. Негізгі қағидаттар:

Зандылық және этика – ЖИ қолдану қолданыстағы заңнамаға және кәсіби этика нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы		E 507 – 2026
«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		I-ші басылым 15 беттің 8 беті

Ашықтық – ЖИ қолдану фактісі, мақсаты және көлемі тиісті жағдайларда көрсетілуі тиіс және академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекеттерге жол берілмейді.

Жеке жауапкершілік – ЖИ көмегімен алынған нәтижелердің дұрыстығы мен негізділігі үшін пайдаланушы жеке жауап береді. ЖИ көмегімен дайындалған, өңделген немесе құрылымдалған материалдардың мазмұны, ғылыми дұрыстығы, дереккөздерінің сенімділігі және академиялық адалдық талаптарына сәйкестігі үшін толық жауапкершілік авторға жүктеледі. Автор ЖИ нәтижесін сын тұрғысынан тексеруге және өз атынан ұсынылған мәтіннің дұрыстығын қамтамасыз етуге міндетті.

Құпиялылық және деректерді қорғау – ЖИ арқылы өңделетін деректердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Академиялық адалдық – ЖИ дербес ойлау мен ғылыми талдауды алмастыру құралы ретінде және академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекеттер пайдаланылмайды.

3.5 «ОҚМА» АҚ медициналық жоғары оқу орны үшін ЖИ білім беру, ғылым, клиника және басқару бағыттарында кеңінен қолданылуы мүмкін.

3.6 ЖИ қолдану «ОҚМА» АҚ білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

4 «ОҚМА» АҚ ЖИ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ МЕН ЖАУАПКЕШІЛІГІ

4.1 ЖИ қолдану тәртібі төмендегідей:

– ойлау қызметін алмастырмау қағидаты – ЖИ техникалық, қайталанатын және талдамалық процестерді жеңілдету үшін пайдаланылады (мәліметтерді өңдеу, құрылымдау, визуализациялау), бірақ стратегиялық шешім қабылдау мен сыни талдауды алмастырмайды;

– тең қолжетімділік – «ОҚМА» АҚ білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін ЖИ құралдарына әділ және тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

– академиялық адалдық – ЖИ қолдану академиялық адалдық талаптарына сәйкес қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. ЖИ қолданылған жазбаша және ғылыми жұмыстар «ОҚМА» АҚ-да қолданылатын тексеру жүйелері арқылы міндетті түрде тексеріледі. Тексеру авторлық мәтіннің дербестік деңгейін, заңсыз алынған материалдардың бар-жоғын және ЖИ құралдарын пайдалану туралы декларацияның болуын бағалауға бағытталады;

– ашықтық – ЖИ қолданылған жағдайда оның мақсаты мен қолдану көлемі және ЖИ арқылы толық немесе ішінара жасалған (мәтін, сурет, аудио,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы		Е 507 – 2026
«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		1-ші басылым 15 беттің 9 беті

бейне) материалдар міндетті түрде синтетикалық контент ретінде белгіленуі тиіс;

- жеке жауапкершілік – ЖИ көмегімен алынған нәтижелердің дұрыстығы үшін пайдаланушы тікелей жауапты;
- деректердің құпиялылығы – ЖИ жүйелерін пайдалану кезінде дербес және қызметтік деректерді қорғау талаптары сақталуы тиіс.

4.2 Ғылыми қызметте ЖИ қолдану тәртібі келесідей:

– зерттеу процестерін оңтайландыру – ЖИ үлкен деректер массивтерін талдау, заңдылықтар мен корреляцияларды анықтау, ғылыми гипотезаларды тексеру үшін қолданылады;

– әдеби шолуды автоматтандыру – ғылыми дереккөздерді іздеу, жүйелеу және құрылымдау процестерін жеңілдету үшін ЖИ құралдарын пайдалануға болады;

– жаңа ғылыми модельдер әзірлеу – болжау, модельдеу және күрделі аналитикалық есептеулер үшін ЖИ алгоритмдерін қолдануға рұқсат етіледі;

– ашықтық және жаңғыртушылық – ғылыми жарияланымдарда қолданылған ЖИ құралдары, алгоритмдері және деректер көздері нақты көрсетілуі тиіс;

– этикалық нормаларды сақтау – жеке деректердің құпиялылығы қамтамасыз етілуі қажет. ЖИ нәтижелерін бұрмалауға, манипуляциялауға немесе біржақты қолдануға жол берілмейді;

– нәтижелерді валидациялау – ЖИ арқылы алынған қорытындылар міндетті түрде зерттеуші тарапынан тексеріліп, ғылыми тұрғыдан негізделуі тиіс;

– үлкен деректерді талдау – кластерлеу, жіктеу, болжау модельдерін құруда ЖИ пайдалану және ЖИ арқылы толық немесе ішінара жасалған (мәтін, сурет, аудио, бейне) материалдар міндетті түрде синтетикалық контент ретінде белгіленуі тиіс;

– күнделікті ғылыми процестерді автоматтандыру – деректерді жинау, библиография құрастыру, кесте және графиктер жасау;

– интеллектуалды зертханалар құру – виртуалды эксперименттер, модельдеу орталарын әзірлеу;

– халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту – ЖИ деректер алмасуды, көптілді ғылыми коммуникацияны және бірлескен зерттеулерді жеңілдетуге мүмкіндік береді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		Е 507 – 2026 1-ші басылым 15 беттің 10 беті

4.3 Білім алушылар үшін ЖИ қолдану тәртібі келесідей:

- академиялық адалдықты сақтау – білім алушы ЖИ-ді оқу процесінде көмекші құрал ретінде пайдалана алады, алайда оны дербес ойлау мен талдауды алмастыру үшін қолдануға жол берілмейді;
- дербес жауапкершілік – ЖИ көмегімен дайындалған материалдың дұрыстығы мен сенімділігі үшін білім алушы жеке жауап береді;
- пайдаланудың ашықтығы – жазбаша жұмыстарда, жобаларда немесе зерттеулерде ЖИ қолдану фактісі көрсетілуі тиіс;
- оқу материалдарын меңгеруді қолдау – ЖИ күрделі тақырыптарды түсіндіру, қосымша мысалдар келтіру және өзіндік тексеру тесттерін құру үшін пайдаланылуы мүмкін және ЖИ арқылы толық немесе ішінара жасалған (мәтін, сурет, аудио, бейне) материалдар міндетті түрде синтетикалық контент ретінде белгіленуі тиіс;
- жеке оқу траекториясы – білім алушы өз біліміндегі олқылықтарды анықтау және оқу жоспарын бейімдеу үшін ЖИ талдау құралдарын қолдана алады;
- уақытты тиімді басқару – кесте құру, тапсырмаларды жоспарлау және оқу мақсаттарын жүйелеу үшін ЖИ қолдануға рұқсат етіледі;
- тыйым салынатын жағдайлар – емтихан, аралық бақылау және бағаланатын тапсырмалар кезінде ЖИ қолдану тек рұқсат етілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

4.4 Профессор-оқытушы құрам үшін ЖИ қолдану тәртібі келесідей:

- оқу процесін жетілдіру – ЖИ оқу бағдарламаларын талдау, силлабустарды жетілдіру және оқу материалдарын құрылымдау үшін қолданылуы мүмкін;
- бағалауды автоматтандыру – тест тапсырмаларын алдын ала тексеру, жазбаша жұмыстарды талдау және статистикалық есеп жүргізу үшін ЖИ құралдарын пайдалануға жол беріледі;
- әдістемелік әртүрлілік – ЖИ мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алушылардың дербес құзыреттерін тексеретін бағалау түрлерін әзірлеу қажет;
- кері байланыс сапасын арттыру – ЖИ білім алушылардың үлгерімін талдап, жеке ұсыныстар әзірлеуге көмектесуі мүмкін;
- контент әзірлеу – презентациялар, тесттер, кейстер және симуляциялық материалдар дайындауда ЖИ қолдануға болады және ЖИ арқылы толық немесе ішінара жасалған (мәтін, сурет, аудио, бейне) материалдар міндетті түрде синтетикалық контент ретінде белгіленуі тиіс;
- этикалық жауапкершілік – оқытушы ЖИ қолдану кезінде деректердің құпиялылығын және академиялық адалдық талаптарын сақтауға міндетті;

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы		Е 507 – 2026
«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		1-ші басылым 15 беттің 11 беті

– үздіксіз кәсіби даму – медицина қызметкерлері ЖИ жүйелерін қолдану бойынша тұрақты оқытудан өтуі қажет.

4.5 Ғылыми қызметкерлер үшін ЖИ қолдану тәртібі келесідей:

- зерттеу тиімділігін арттыру – ЖИ үлкен деректерді талдау, модельдеу және болжау үшін пайдаланылады;
- әдеби шолу және дереккөздерді жүйелеу – ғылыми ақпаратты іздеу, құрылымдау және талдау процестерін автоматтандыруға рұқсат етіледі;
- жаңа ғылыми әдістерді әзірлеу – ЖИ негізінде аналитикалық модельдер мен алгоритмдер жасауға болады;
- ашықтық қағидаты – ғылыми жарияланымдарда қолданылған ЖИ құралдары мен әдістері нақты көрсетілуі тиіс;
- этика және құпиялылық – жеке және медициналық деректерді өңдеу кезінде деректерді қорғау талаптары қатаң сақталады және ЖИ арқылы толық немесе ішінара жасалған (мәтін, сурет, аудио, бейне) материалдар міндетті түрде синтетикалық контент ретінде белгіленуі тиіс;
- нәтижелерді тексеру – ЖИ арқылы алынған ғылыми қорытындылар міндетті түрде сараптамалық тексеруден өткізілуі қажет;
- пәнаралық интеграция – ЖИ әртүрлі ғылыми бағыттарды біріктіру және халықаралық зерттеу жобаларын дамыту құралы ретінде қарастырылады.

4.6 Клиникалық тәжірибе мен диагностика жұмыстарында ЖИ қолдану тәртібі келесідей:

- шешім қабылдауды қолдау – ЖИ диагноз қоюды қолдайтын құрал ретінде пайдаланылады, бірақ соңғы шешімді медицина қызметкері қабылдайды;
- медициналық бейнелерді талдау – рентген, КТ, МРТ және басқа диагностикалық деректерді өңдеуде ЖИ қолдануға жол беріледі;
- ауруларды ерте анықтау – қауіп факторларын талдау және болжам жасау үшін ЖИ алгоритмдерін пайдалану мүмкін;
- клиникалық деректерді өңдеу – электрондық медициналық жазбаларды құрылымдау және талдау процестерін автоматтандыру;
- пациент деректерінің құпиялылығы – медициналық ақпаратты қорғау талаптары толық сақталуы тиіс;
- қателіктердің алдын алу – ЖИ ұсынымдары міндетті түрде клиникалық тексеруден өткізіледі және бақылаусыз қолдануға жол берілмейді;
- ЖИ тек көмекші құрал болып табылады;
- соңғы шешім мен жауапкершілік дәрігерге жүктеледі;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		Е 507 – 2026 1-ші басылым 15 беттің 12 беті

– үздіксіз кәсіби даму – медицина қызметкерлері ЖИ жүйелерін қолдану бойынша тұрақты оқытудан өтуі қажет.

4.7 ЖИ жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары

- ЖИ жүйелерін қолдану кезінде тәуекелдерді анықтау, бағалау және азайту шаралары қабылдануы тиіс;
- ЖИ жүйелерінің сенімділігі, тұрақтылығы және дұрыс жұмыс істеуі қамтамасыз етілуі қажет;
- ЖИ жүйелерін қолдану барысында киберқауіпсіздік талаптары міндетті түрде сақталады;
- ЖИ нәтижелерінің қателіктері, бұрмалануы немесе жалған ақпарат беру тәуекелдері тұрақты бақылауда болуы тиіс;
- жауапты құрылымдық бөлімшелер ЖИ жүйелерін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етеді.

4.8. «ОҚМА» АҚ қызметкерлердің жауапкершілігі

Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

5 ЖИ ҚОЛДАНУДЫ ОҚЫТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

5.1 Жасанды интеллект технологияларын қолданатын «ОҚМА» АҚ қызметкерлері келесі құзыреттерге ие болуы керек:

- техникалық дағдылар: жасанды интеллекттің негізгі тұжырымдамалары мен әдістерін түсіну;
- педагогикалық құзыреттілік: ЖИ-дің техникалық аспектілерін әр түрлі деңгейдегі білім алушыларға тиімді түсіндіре білу, олардың толық түсінуін қамтамасыз ету;
- икемділік және бейімделгіштік: үздіксіз білім алуға және жасанды интеллекттің қарқынды дамып жатқан саласына бейімделуге дайын болу, сонымен қатар соңғы әзірлемелер мен технологиялардан хабардар болу;
- аналитикалық дағдылар: нақты жағдайларды талдау және әртүрлі салаларда ЖИ қолданудың ықтимал бағыттарын анықтау қабілеті;

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы		Е 507 – 2026
«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		1-ші басылым 15 беттің 13 беті

– пәнаралық көзқарас: информатика, математика, психология және т.б. сияқты әртүрлі салалардағы білімді біріктіру мүмкіндігі;

– этикалық сана: жасанды интеллектті қолданудың байланысты этикалық мәселелерді білу және түсіну.

5.2 ЖИ технологияларын қолданатын білім алушылар келесі құзыреттерге ие болуы керек:

— жасанды интеллект және онымен байланысты технологиялар саласындағы базалық білімі болуы керек;

— адам құқықтары, деректердің құпиялылығы және киберқауіпсіздік қағидаттары туралы түсіну және оларға бағыну;

— академиялық адалдық және авторлық құқық ережелерін білу. ЖИ қолдану курс жетекшілерімен және ғылыми жетекшілермен келісілуі тиіс, әсіресе егер ол үшінші тұлғалардың деректеріне әсер етсе немесе қосымша ресурстарды қажет етсе;

— білім алушылар ЖИ жүйелерінде пайдалану үшін деректерді жинай, талдай және таңдай білуі, сондай-ақ деректерді қорғау әдістерін меңгеруі және олардың құпиялылығы мен тұтастығын қамтамасыз етуі тиіс.

5.3 Қызметкерлер мен білім алушылар осы Ереженің 5.1, 5.2-тармақтарында көрсетілген құзыреттермен қамтамасыз ету мақсатында «ОҚМА» АҚ ЖИ технологиясын қолдану саласында оқытуды ұйымдастырады, оның ішінде:

— машиналық оқыту, табиғи тіл өңдеу және басқа да ЖИ технологиялары саласындағы базалық білімді қоса алғанда, ЖИ жүйелерімен жұмыс істеу дағдыларын оқыту бойынша техникалық тренингтер өткізу;

— арнайы біліктілікті арттыру курстары, жазғы мектептер мен білім беру мақсатында ЖИ қолдануға арналған воркшоптар;

— ЖИ саласындағы сарапшыларға онлайн-ресурстар, дәрістер немесе жеке консультациялар түрінде консультациялар өткізу;

— ашықтық, жауапкершілік, құпиялылық және біржақтылықтың алдын алу мәселелерін талқылауды қоса алғанда, жасанды интеллектті қолданудағы этикалық аспектілерді үйрету;

— білім берудегі ЖИ-мен байланысты жобаларға қатысу, практикалық тәжірибе алу.

5.4 Осы Ереженің 5.3-тармағы бойынша «ОҚМА» АҚ қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыруды – Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы, Оқу-әдістемелік орталығы, Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы, Ғылыми жұмыстар бөлімі, факультет декандары және басқада құрылымдық бөліме басшылары, сондай-ақ факультет/кафедра меңгерушілері жүргізеді.


ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы		Е 507 – 2026
«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		1-ші басылым 15 беттің 14 беті

5.5 Білім алушылар үшін осы Ереженің 5.3-тармағы бойынша оқытуды ұйымдастыруды – Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы, Оқу-әдістемелік орталығы, факультет декандары жүргізеді.


5.6 ЖИ қолдану дағдыларын дамыту мақсатында факультеттер білім беру бағдарламаларына – «Жасанды интеллект негіздері» пәндерін енгізеді. Пән білім алушыларды ЖИ негізгі тұжырымдамаларымен, әдістерімен және қосымшаларымен таныстыруға арналған. Курс білім алушыларға қазіргі заманғы жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен қолданылуы, сондай-ақ оның қызметінің әртүрлі салалардағы маңыздылығы туралы негізгі білім беруге бағытталған. Пәннің құрылымы мен мазмұны факультеттер кадрларды даярлау профиліне сәйкестендіріледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы		Е 507 – 2026
«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі		1-ші басылым 15 беттің 15 беті


Өзірлеген:

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Цифрлық офицер	Нурпеисов А.С.	22.02.2026ж	

Тексерген:

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығының басшысы	Уксикбаев М.Т.	22.02.2026ж	
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.Ә.	24.02.2026ж	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	24.02.2026ж	

Келісілген:

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	Анартаева М.У.	20.02.2026ж	
Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор	Нұрмашев Б.Қ.	20.02.2026ж	
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Аукенов Н.Е.	22.02.2026ж	
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Сәлім Е.Қ.	22.02.2026ж	
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.	22.02.2026ж	